

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы Төрағасының республикада төлем және несие тәртібін нығайту мәселесі жөніндегі есебі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 30 қаңтардағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық нормативтерін бұзғаны үшін коммерциялық банктерге қолданылатын санкциялар туралы Уақытша ережеге өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің "Есеп айырысуларда қолдағы ақшаның пайдаланылуын ретке келтіру туралы" 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1532 Заң күші бар Жарлығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 13 маусымдағы N 8

1-бап. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы Төрағасының республикада төлем және несие тәртібін нығайту мәселесі жөніндегі есебі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 30 қаңтардағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық нормативтерін бұзғаны үшін коммерциялық банктерге қолданылатын санкциялар туралы Уақытша ереженің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 4, 68-күжат) 4-тармағы алынып тасталсын.

2-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Есеп айырысуларда қолдағы ақшаның пайдаланылуын ретке келтіру туралы" 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1532 Заң күші бар Жарлығының (Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілер жинағы, 1994 ж., N 5, 42-күжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті